



---

МЕКТЕП КІТАПХАНАСЫ

I. ЖАНСҮГІРОВ

Поэмы альбомы

**ІЛИЯС ЖАНСУГІРОВ**

---

**Поэмалары**



**,,МЕКТЕП“ БАСПАСЫ**

**Алматы — 1972**

*Казак ССР Оқы министрлігі бекіткен*

**Х КЛАСС ҮШІН КЛАСТАН ТЫС ОҚУҒА  
АРНАЛҒАН ҚИТАП**

*Кұрастырған: М. Жамантаева*

7-6-3  
ндекс 

---

 225-72 М



## КҮЙ

### I

Қобызшы — Молықбай шал Матайдағы,  
Матайда — Кенже, Тұқғат Сақайдағы.  
Ңазакта қобызшының қалғаны сол,  
Жорға еді маймандаған бақайшағы.

Жар қабақ, сида, арсақай, сар шұбар шал,  
Жарықшак,, үні тозған, қаңсыған шал.  
Ірікден екі көзі, қол дірілден,  
Аузынан азу тісін аршыған шал.

Еңкейіп екіндідей күні кеткен,  
Жұқарып, нашарланып күйі кеткен.  
Қобызшы ол — «Ақ көбікті» ақыратқын,  
Боздатып «Боз іңгенді» күңіренткен.

Қобызшы ол —«Көк көбекті» күрілдеткен,  
«Дұлдұлін Ер Әлінің» дүрілдеткен.  
«Онсан мен Ормамбеттің айрылғанын»,  
«Жыласқан ноғай-қазақ» күйін шерткен.

Қобызшы ол —«Қорамжанның» күйін тартқан,  
Зарлы қыл қыр қиялын қынданатқан.  
Қалыпты қолда қоңыр көне қобыз,  
О баста сырмайлатқан, күміс шапқан.

Жайлауда ала қарлы, Аман текше,  
Қарлатып, жаңбырлатып несер төксе,  
Тоқсыртып кәрі аршаны, от маздатқан  
Шал үйін сағынушы ек біз ерекше.

Құмар ек қобызшыны қолқалауға,  
Жақсы едік жалынуға, аталауға.  
Қобыздан құздың күйін, мұздың күйін,  
Құмартып келуші едік біз тыңдауға.

Бұлттанса, құрыстанса мұз бенен құз,  
Мас етіп, маужыратқан ішкен қымыз.  
Тасқындал, көңілі өрбіп, күйі буып,  
Дейтұғын: «Кәне, балам, әпер қобыз!..»\*

Бес бұрап, төрт түкіріп, толғап тоғыз,  
Козғалар «құлақ күйден» жосып қобыэ  
Көтерген көк тұндігін күй өргегі  
Гұлатып асқарда ағын, мәңгіде мұз.

Ызғыған ызғырық күн, құлдырап қыл,  
Алатау, әсем бұлақ сылдырап тұр.  
Қиқылдал қырда қызғыш, көлде қаз-қу,  
Наңқылдал, таңдай қаққан талда бұлбұл.

Желдеткен, желде кеткен желмаясы,  
Желге не? Алакандай жер аясы.  
Ақырып Алатаудан өзен құлап,  
Санқылдал самалданған сай-саласы.

Жау тиген, айқай-ұйқай, үріккен жылқы,  
Долданған дуанасы шайқы-бұркы.  
Толқытқан тұңғиықты долы дауыл,  
Дүлейі көл Балқаштың, ұйқы-түйқы.

Іңірде баяулаған дауыл бәсен,  
Боздатқан бұлбұл күйін бабында әсем.  
Асықтар алқымдасқан, мауқын басқан,  
Сырласқан: «Жарым да сен, жаным да сен!»

Әдемі үн айтактаған, қой күзеткен,  
Адамды — адам күткен, уһлеткен.  
Самалдай сайдан соққан саңқылдатқан,  
ӘлДилеп қоңыр тұнді қос бой жеткен. •

Кейде күй талмаураған, талықсыған,  
Кейде өжет, кейде долы, албытсынған.  
Кейде паң, кейде дарқан, кейде сергек,  
Шаршы ерге кейде шапшып шауып тынған.

А, деген, асқақтатқан, әнін қосқан,  
Үн қайтса қосылуға қобыз тосқан.  
Кәрі саусак, қалтылдаған қаздаң қағып,  
Ойнақтап, үркіп билеп қылда босқан.

Қыңқылдаپ қыл күшігі қыңсылады,  
Жә, әлде танысқан қыз сыңсығаны.  
Жүректін, қылмен қабат шегін шерткен  
Саусақтың ыршығаны, шымшығаны.

Қайырған, текектеткен, жорғалатқан,  
Сарқыған, екшеп қағып, сорғалатқан.  
Талмаурап самайдан тер сыпырғанда  
Тартуын «Боз іңгенді» қолқалатқан.

Ңозғалған қайта қобыз, қымти бұрап,  
Ңозғалтқан «құлак, күйді» тартыңқырап.  
Боздатқан «Боз іңгенін» ыңырантып,  
Күңіренткен бірде боздап, бірде жылап.

Тоңқалан, топ басынан асқан тұмак,  
«Бәлі» леп бас тұқырған темен құлап.  
Бой балқып, ой өрістеп, жаның жусап,  
Күзетте қалған жалғыз сергек құлак..

Ескіге, ертегіге ертер үшін,  
Тамырын тартып шердің шертер үшін.  
Колқалап «Боз іңгенді» сұрағанда,  
Былайша бастайтын шал ертегісін:

## II

«Баяғы, баяғы атам заманында,  
Бай бопты Бағлан деген баяғыда.  
Арқа оттап, асқар жайлап, құм күзеген,  
Қыстауы Амудария аяғында.

Кұм қоныс, мал суаты Сырдың сұы,  
Боз дала — тұяқ басты малдың шуы.  
Көкпекті көгерптеген көктен несер,  
Жарқылдаپ жай жарқырап жасыл туы.

Түйесі сары қоңыз маусыщағы,  
Маясы, нары, үлегі, қаусырмалы.  
Қалмайтын қайымаған бір тайлағы,  
Келесін ие баққан К,аусылғазы.

Болыпты бір боз тайлақ келесінде,  
Ол өзге, езге түйе төбесінде.  
Өренде, өлкеде жоқ айуан екен  
Гартпаған буоасына, енесіне.

Туғаннан ардақтапты бай-бәйбіше,  
Мал айтып амандыққа әлденеше.  
Сақта деп, тілден-көзден сиыныпты,  
Су ішсе, қырға кетсе, шөбін жесе.

Батқанда қырдын, тұні тұманнатқан,  
Қатқанда Сырдын, сұы бұлаң қаққан.  
Күл көрпе, қорда төсек, қолға байлап  
Үкілеп қара таспен тұмарлатқан.

Қызылда қыстың құні шұнақ қаққан,  
Аязда түкірігің түспей қатқан.  
Жабулап Самарқаның, жібегімен,  
Жабыла жануарды солай баққан.

Боз тайлақ жасы толған, қайымаган,  
Қайғырып мал иесі зар жылаған.  
Балгерге бал аштырып, бақсы ойнатып,  
Қалмаған құмалақшы айырмаған.

Баксы ойнап күнірентсе де қобyz үнін,  
Койқаптан қозғағанда Корқыт жынын.  
Боз іңген боталамай болды бедеу,  
Шашты ашпай құмалақшы қырық бірін.

Жұрт жиып Бағлан айтты: «Елім — халқым,  
Іңгенім қайымады, көңіл салқын.  
Әулие көп ауызы, не айтасыңдар,  
Барлар жан бар ма ішінде мұның парқын?»

Күніринген бәйбіше де қоңыр қазша!  
«Бермес пе ед бір шикі өкпе, ие жазса!»  
Үйлыққан үндей алмай отырған жұрт,  
Шеттегі түре келді жетім тазша:

«Ау жарандар, жарандар,  
Маған да бір қараңдар.  
Мен болжайын, байқайын,  
Намалмаңдар, бағыландар.  
Мен дауасын айтайын:  
Күлақ салып тыңдасаң.,  
Тойыңды жеп қайтайыш,  
Егер мені сыйласақ.  
Жын, әруақ не берсін,  
Өлтіресін, қинасаң.  
Кепке ортақ айуан мал,  
Айтайын, халқым, айтайын.

Түйене көрген тұсім бар,  
Ботасыз бедеу боз іңген,  
Болжадым, бермен алдыршы  
Өрістен ұстап қалдыршы...  
Боз қараған шалдыршы,  
Желекі кілем жаптыршы.  
Жібектен бұйда тақтыршы.  
Желге-күнге тигізбей  
Жекеше өзін бақтыршы.  
Боталайды боз іңген!  
Болғай мың бір қатасыз,  
Ал түшкірдім: «Аптұшы!»

## НІ

Күннен күн, аптадан ай, айлар өтті,  
Төлежіп, түгі түлеп, желін жетті.  
Күн бітті, боз іңгенше боталапты,  
Ботасы алтын басты, күміс кепті.

Бір ұры бұл ботаны ұрлап апты,  
Бай дағы, бақташы да білмей қапты.  
Ботаны ел аулаққа буып тастанап,  
Енесін керуенге әкеп сатты.

Ақшамда апақ-сапақ сауда біткен,  
Іңгенді тіркеп керуен жүріп кеткен.  
Артына қарай-қарай, боздай-боздай,  
Кұба құм, қоңыр тұнді күніренткен.

Боздаған ботасына зар илеген,  
Ңозғалған қоңыр іңірді әлдилеген.  
Екі көз жасты өзендей сорғалатып,  
Төрт табан құмды қосып нан илеген.

Сыр суы көнілі босап сыңқылдаған,  
Аспанда қаз бенен қу қаңқылдаған.  
Тұнжырап жиде, жыңғыл дым ұндеңей,  
Күйініп көкте жұлдыз, жел жылаған.

Күркілдеп жөтеліскен кейіп көппек,  
Тартынып тұра қалса көткеншектеп:  
Тақымға білеуітпен бұттаған құл,  
Жол тартқан, кузап айдал:  
    «Атшу, шөк»— деп,

Сатылған, саудаланған құл да ашулы,  
Айрылған ботасынан бұл да ашулы.  
Басы бір — біреуі адам, біреуі айуан,  
Білсін бе бірақ бұлар мұндасты.

Қайғырған қара тұннің қараңғысы,  
Томсарған тоғайдағы тораңғысы.  
Жалғыз-ақ жылқышы құс көніл айтып,  
«Жоғыңың болсын» деген «оралғысы!..»

Елсіз жер... еңреген іңгенде күй,  
Селеулер жел оятқан билеген би.  
Аулақта қорқақ қоян зар тықдаған,  
Тұқырып қала берген,' шенгел мен ши.

Көбейген кек жүзінде жұлдыз қоздап,  
Боз інтен зар қақсаған жолда боздап.  
Тұктіде түйедегі зарлы сарын  
Қажытпас қам көңілді қалай қозғап?

Қозғайтын қобyz тартса өсіресе,  
Төңкеріп жан көңілін әлденеше.  
Күм кезіп, түзде безіп тыңдайтынбыз,  
Түйенің күйін сонау тартқан кеше.

Тұн қандай жазғы өларадағы,  
Үн қандай күңіренген даладағы.  
Тартынса, тақымына таяқтаған,  
Тарынған тазша-дағы бағанағы.

Құл ұрса, тартқан бүйда іркілмеген,  
Бүйда үзсе,— қайта мықтап тірке деген.  
Телміріп құлға төніп төгілген зар,  
Дегендей: «Не еткен қатал шіркін» деген.

Дегендей: «Тазша-ау, мені тақымдама,  
Тап берме, таяғыңмен жақындама.  
Өзін, құл, өзіқ-дағы мен сықылды,  
Үрмaston ойла соны! Ақыл бар ма?

Артығың менен сенің: білесің тіл,  
Тіліңнің, пайдасы не? Жайымыз бір.  
Ботама босанайын, бүйдамды қи!  
Маған мін, кел қашалық, қайталық жүр!»—

Дегенге түсінсін бе, құл көнсін бе?  
Күл қашып қожасынан құмда өлсін бе?  
Құл айдал, тұн жамылып, іңген зарлап,  
Керуен кете берген Үргеншіге...»—

Деп күйші отыруши ед ертегі айтып,  
Зары деп Боз інгеннің күйін тартып.  
Егіліп ертегісін естуші едік,  
Отыр деп кім байқаған шалды тантып.

Әсем күй саусакта би, саңғыраған,  
Жүйрік үн жүрек жалмап жамыраған.  
Боздатса «Боз інгенді» зарлы қобyz,  
Сарыны сар даланың ақыраған.

Кер дала, күрең тұнгі керуен қандай,  
Коныоау күлдір-күлдір жүрген қандай.

Еңіреп күніреніп сарындаған,  
Зарлаған тіркеудегі іңген қандай!

Боздауын қобыз боздап, аңырауын  
Кыл сарнап, керуеннін, дабырауын  
Үғасың анда-санда, ойнақы ұннен,  
Кей қағыс күлдірлетіп қоңырауын.

Алатау айрыларда алтын күннен,  
Күйменен шал сөгілген, күніренген.  
Кеш батып, кешкі қозы жамыраумен,  
Қобыздан «іңген зары» сонда үзілген.

#### IV

Осындай ертегі айтып Молықбай шал,  
Қобызға «Боә іңген» деп қосқанда зар,  
Жүректі жебе сауған мұнды дауыс,  
Жанды улар, жыға жығар, жүрек құлар. ,

Емес пе бір тұрлаусыз жас кү» деген,  
Жас жүрек албыт асау бас білмеген.  
Көр бала, көргені кем, көрсө ұнаған,  
Қобызды шалға, күйін мастирлеген.

Күй сол ма ол күндегі бұлдайтұғын,  
Сазы ма сұр заманның тыңдайтұғын.  
Басып па ед Алатауды ауыр бұлт,  
Уайым орынды ма ед улайтұғын?

Ол ма еді күйік зарлы заман?  
Жаншылған зарлы ма еді зар жылаған?  
Күйініп күйін тартып, күйдірғен шал,  
Кім еді? Білмей тұрып кінәламан.

Жара не шалдын, сонау жүрегінде,  
Зар оның жазылған ба сүйегіне.  
Болмаса жапан дала жылауда ма ед,  
Мәнісін мен ол күнде білемін бе?

Қажыған көңіл қамын, жүрек жанын,  
Қозғаған қобыздағы қоңыр сарын.  
Әлемнің әуеніне бермес ем-ау.  
Қазактын, мұны тартқан күйші шалын.

Деп шалды өте мақтап, асырып тым,  
Асыра сілтеңкіреп бағалаппын.  
Жарғақ шал, жарық қобыз, жалғыз дауыс<sup>^</sup>  
Тартқаны кімнін, күйі? Байқамаппыв.

Сол шалдын, тықдай-тыңдай зарлы үній,  
Байыпты уайымға балғын күнім.  
Сол бейбак зарлай-зарлай соққан екен  
Жұқтырып жүрегінін, ауыруын.

Ол қайдан жабыстырды жан ауруын,  
Ішті ме жүргі онын, өмір уын.  
Ондайға мен тоқталман, сын тоқталар,  
• Мейілі, қайдан алса қобыз күйін.

Алданым осы шалдын, күйін тықдал,  
Жабығып, өрге өрлемей, темен құлдал.  
Көңілді көне күйдің тоты басып,  
У сеуіп жүргегіме, жанымды улап.

Еріксіз алған баурап шалдың, күйі,  
Жүрекке жүққан шері басқан кірі.  
Жылаған, күніренген ол, күйін тартқан,  
Жырлаған дертті жүрек, улы миы.

Көп жүрген көқілім жүдеп, жаным жадап,  
Жабыққам, жатырқағам, тартқам азап.  
Сонау күй жүргегімді тыныштатпаған  
Пышағын кейде салып, кейде қадап.

Шатырлап бұлт алған Алатауды,  
Сатырлап бүршақ тәгіп, несер жауды.  
Сарқанның қып-қызыл боп сұы тасып,  
Не болды, біле алмағам, шалдың аулы.

## V

Ашылған күн даланы долдандырған,  
Басылған алай-түлей соққан боран.  
Қысқан қыс іріп-шіріп қырдан кетіп,  
Жақсы жаз ойды-қырды нұрландырған,

Арылған жапан дала жауған удан,  
Жарқырап қыр қуантып, нұр күн туған.  
Қамқорым қайраттының білегімен,  
Жын бұғау быт-быт болған қырды буған.

Құрт, қасқыр тозғындаған жатқан жайлап,  
.Өлік ел тұра келген құж-құж қайнап.  
— Біа азаті  
— Біз жасаймыз!— деген жарлы,  
Кызыл ту қызғалдақтай қырда жайнап.

Улы ду, жамырасқан жарлы халық,  
Қайратты қайраған сол, жанды жанып.  
Жарлы елдің жазын берген, нұрлы күннен  
Бір тамшы жүрегіме кеткен тамып.

Ыза боп көне күйдің күйігінен,  
Бөлініп кеткем өскен үйірімнен.  
Шындықты шықнан іздең шықсам жолға  
Койғам да мәселені бүйірінен.

Қалдырып құла құм мен боз даласын,  
Қалдырып даланың қыз, бозбаласын.  
Талап қып жауар ма деп нұр іздегем,  
Аралап үлгілі елдің кент — қаласын.

Қайнаған, қыбырлаған кала келгем,  
Дәметкем даннің дәмін әр-ақ елден.  
Жасапты талай еңбек, талай білім,  
Бергенін әл-шамамша ала бергем.

Күй көргем көкті қауып күрілдеген,  
Жан-жаққа «киін» деген, «жиыл» деген.  
Күш көргем тауды-тасты талқан етіп,  
Корқытқан, шалқып оты дүрілдеген.

Жан көргем жабырласып күшін қосқан,  
Еңбегін еншілескен, ісін қосқан.  
Өмірін өздерінше өзгертуге,  
Кайнаған, қайрат еткен, қол ұстасқан.

Көргенде күйелі төс, құсті білек,  
Тапқандай жаңа бауыр, жаңа тілек,  
Жылы қан улы бойда шым-шым қайнап,  
Сауығып сала берген дерпті жүрек.

Мындаған оркестрді көргем топты,  
Жырлаған жаңа өмірдің күйін соқты.  
Жуылған жүректен у сол күйменен  
Аршығам кеңілімді басқан тотты.

Балғалар сом темірді соққан қатты,  
Тас, шойын қорып отқа, қайнап ақты.  
Иіріп жүн-жүрқадан жіңішке жіп,  
Машина қоңыр самал күйін тартты.

Сол күйге жан жылынған, жүрек жерік,  
Шойындай сонау отта кеткем еріп.

Кобыздын, улы күйш қаннан сарқып,  
Сонғы күй тұла бойды кеткен керіп.

Нұрланып қызыл от боп күн шыққандай,  
Түн кетіп жарқанаттар тұншыққандай.  
Тықдағам мыңнын, күйін жүрегіммен:  
«Оян қарғыс тақба басылған,  
Жалаңаш — аш құл, қайрат қыл»  
Көкке өрлеп, жер тербеткен үн шыққандай.

Бұл емес, қырда анраған анау қобыз,  
Бұл емес, ызылдайтын жалғыз-жалғыз.  
Бұл өктем болат жігер, күрес күйі  
Қосылған мың-мың дауыс, тлың-мың, ауыз.

Сондықтан осы күйден, ұлы күштен,  
Көкіл шат, көкейге үні қона түскен.  
«Жалғыз үн, жарық қобыз, Молықбай шал,  
Тартар ма керек күйді — көкей тескен?»

Жоқ, тартпас, қобыз үні кері кеткен.  
Бөрінің, ықыранғаны — белі кеткен.  
Болмаса ажал күтіп анау шалдық,  
Жүртта қап еңіреуі — елі кеткен.

Арылып жастын, албыт тентегінен,  
Құтылып соқыр сордын, жетегінен;  
Қуарған, қуанбаған сорлы шалдың  
Енді қош айтисқан жер ертегімен.

• Сонымен сол сапардан қайтқам елге,  
Өкініп өміріме кеткен желге.  
Жаңартқан жан жүректі өсем күйдің  
Әніне әсерленіп басқам мен де.

Сонымен сол барғаннан кейін қайтқам,  
Мен дағы жаңа тапқан күйді тартқам.  
Бағыстап жарлы жүртқа жүрек жырын,  
Байқамай, жыр айтам деп, сырымды айтқам.

Мен емес, мендей талай бармыз бірге,  
Сол күйді айналдырмақ оркестрге. . „  
Даланы дүркіретті күй оятты,  
Басылды қобыз үні... шал да көрде. . „

Күй күшті, тауды-тасты бұзатұғын,  
Орнына өз өрнегін сыйатұғын.

Талқандап тас керенді үн оятып,  
Дүкені дүниенің қызатуғын.

Күй күшті, істі, еңбекті сүйдіретін,  
Тамырын тас емшектің, идіретін.  
Жарлының тілек күйі, жүрек күйі,  
Өмірді бұлдіретін, күлдіретін.

Аң-дайын ай даланы мекендерген,  
Көңілін өміріне көтермеген.  
Жарлы жұрт жаны сүйіп тыңдаған күйі  
Мұратқа енді осылай жетем деген.

1929

## КҮИШІ

|

Қамаудың хан ауылы қыр жағында,  
Аңқытып ак орданың бір жағында.  
Күйші отыр домбыраны дүрілдетіп,  
Құмар қып тартқан күйдің ырғағына.

Буынсыз он саусағы күй қағуға,  
Көңліне тыңдағанын, от жағуға,  
Бал тамған бармағынан домбырашы  
Жан терге түсіп отыр мынау дуда.

Күйшінің қошаметке көңлі тасып,  
Бес бармақ маймаң қақты перне басып.  
Толқынтып тоқсан күйді дүрілдетті,  
Көңілді бірде шымшып, бірде қасып.

Екі шек жүрек жарып, көңіл ашып,  
Бірде ойнак, бірде баяу сыйырласып,  
Зарлы күй, ашы күйдің, тәтті күйдің —<sup>\*</sup>  
Бәрін де лақылдатып тәгіп-шашып.

Күнренген бір мұнды күй даланы алды,  
Табиғат тыпа-тыныш бола қалды.  
Ңырдағы қоян, құлан құлак, тігіп,  
Камыстан жолбарыс та ықыранды.

Күніреніп «Асанқайғы» күй толғанды,  
Желмая желе жортып жерді шалды.  
Алатау, Алтай, Арқа, Қырды, Сырды  
Аралап, қоныс таппай күй зарланды.

Алатау күй тықдады ауылдай боп,  
Тас балқып толқып жатты бауырдай боп.  
Аңқылдап алтын күрек домбырадан  
Күйип тұр жазғы жылы жауындай боп.

Қағылды кейде бір күй дабылдай боп,  
Бұрқырап кетті тұтеп дауылдай боп.  
Әлде күш, әлде дауыл, әлде ат шапқан,  
Әйтеуір қырдан көшкен сарындай боп.

Мұз еріп, қатты аяздың кәрі қайтып,  
Қас батыр көклі жұмсап, зәрі қайтып;  
Майрылып ақ семсерлер қалайы боп,  
Қажытты мұзбалақты күй мұңайтып. ^

Құлпыртып бәйшешекті кетті шалқып,  
Аққудай көкте күйлеп, көлде қалқып.  
Ақтарып, лекілдетіп, лепілдетіп,  
Талдырып, тамшылатыш, сығып, сарқып.

Біресе ағытылып күй сылдырлап,  
Тербетіп тықдағанның көклін ырғап,  
Бұлақтай таудан тасып, тастан орғып  
Аңқылдап жатыр жосып сайды құлдап. ^

Құлдірлеп қоқыраудай, күй сыңқылдап,  
Бота күй маймаң қакты үн былқылдап.  
Қоғадай салбырасып хан, қарасы,  
Намазға үйығандай отыр тындал.

Қаққанда деген күйді «Терісқақпай»  
Жым-жырт боп тына калды жел де соқпай;  
Домбыра айналаға дүбір салды,  
Адақтап жалғыз шапқан жүйрік аттай.

Тартқанда батыр күйін «Корамсақтай»,  
Ақ түтек тұра ала ма боран соқпай.  
Ару боп ат артында қалмақ қызы,  
Безектеп перне басты шынашақтай.

Күй алды Баканастың қара езегін,  
Дауылдай бұрқыратып ебелегін.  
Қара жер қалқып барып қата қалды,  
Саймақтың суырғанда «Сары өзенін».

Үн қылып домбыраның өндіршегш,  
Тіл қылып сөйлеп, зарлап екі шегін,  
Күнреніп жүрттың көцлі түйе болды,  
Шерткенде Тойтан тартқан «Боз інгенін».

Күн тыңдал кірмей тұрды ұясына,  
Бұлтыңда мінбей тұрды тау басына.  
Мақұлық жерде, көкте маужырады,  
Қараған бір жан болмай шаруасына.

Су ақпай жатты тоқтап арнасында,  
Қарғалар қалқып қалды жар басында.  
Сүйсініп домбыраны тыңдады жұрт,  
Тырп етпей, тілеулес бол зарласынға.

Қалмақтың қақты қара жорғасына,  
Айналды ак, алмастар қорғасынға.  
Мәжіліс міне осындай болып жатты  
Бір -кеште хан Кененін, ордасында.

## II

Хан орда, хан тағында, жайнап көркі,  
Күй болып, ұйып отыр есі-дерті.  
Отырған құлағын сап, құлай тықдал,  
Кенеге үн бір сарын, күй біркелкі.

Коршаған хан қасында қошаметші,  
Даяши, төленгіті, би, жендеті.  
Ауылы Бақанастың, өлкесінде,  
Арқадан Алатауға ауған беті.

Өзінін, ордасында батыр Кене,  
Тарттырып домбыраны отыр Кене;  
Қиялы домбырамен сыйырласып  
Жатқандай шабуыл не? Жортыл не?

Келелі кеңестер не? Ак, найза не?  
Не тоқтау толқып жатқан айдын келге?  
Кетерген Абылайлап ала жалау,  
Шақыртқы ту бола ма тозған елге?..

Ойынан көшіп жатыр өткен күндер,  
Сарыарқа, Кекшетаулар, Жайық, Еділдер,  
Көк шалғын керегедей желі тартқан,  
Көзінен бұлан, қағып бұйра белдер.

Ат сайлап, қылыш қайрап сарбаз ерлер.  
Зеңбірек атанға артқан, найзагерлер  
Жарқылдал сыйызғылы күй тартқандай,  
Алатау берік қорған, жұмак жерлер.

Домбыра ауған елге сырласқандай,  
Көңлінен Кене ханыш, кірді ашқандай.  
Ел қандай, Арқа қандай, дұспан қандай,  
Ауған ел арт жағымен жауласқандай.

Тасытып көкірегін кек ашқандай,  
Тынбасқа жауды жеңбей, жер жастанбай,  
Нажағай ашуында жарқ-жүрқ ойнап,  
Бұлтты бүркыратып от шашқандай.

Көңілден керуендең күй көшкендей,  
Әркімнің өз көңлімен тілдескендей.  
Батыр да, хан да, қыз да, қазаншы да —  
Бәрі бір домбыраға мінгескендей.

Жып-жым-жырт, тықдағандар тіл кескендей,  
Құрыштап құлақтарын үн кескендей,  
Сылдырлап кейде қамыс, кейде үлак,  
Қырдағы қоқыр тұнде жыр көшкендей.

Арыстан ашуланса арс ұрады,  
Сескеніп жан-жануар жаншылады.  
Желді аяқ, шауып тұлпар топты жарса.  
Саусақтар үсті-үстіне қамшылады.

Салбырап тыңдалап отыр домбыраны,  
Домбыра көшіреді, қондырады.  
Күйші айдалап көшкен елдің күйін тартып,  
Қошамет болса қалай болдырады.

Шаңқылдап бірде аспанда тау қыраны,  
Күрпілдеп бірде бие саудырады.  
Майдалап бірде қоқыр самал соғып,  
Бұрқ-сарқ бірде несер жаудырады.

Домбыра қарғылады, орғылады.  
Манаурап тықдаған жан солбырады.  
Батырып күймен күнді, көз байлантып,  
Күйшінің күйін сонда қойдырады.

Қарашаш ақылы дария, алтын басы,  
Эйелдің, ақ сұңқары, ханзадасы.  
Өз басын мың қараға теңгермейтін,  
Кененің кенесінде ақылдасы.

—«Дат!»— деді ханның өжет Қарашашы,  
Немере, хан Кененің, қарындасы.

Хан айтты! Өкім болды! Жансын, күйсін!  
Жігіттің жері Балқаш, руы Үйсін!  
Жазығы домбыраны сөйлеткені,  
Сонымен кете барды сорлы күйшің!..

### III

«Тыңдасын домбырамды хан тағында»,—  
Деп келген сорлы күйші атағына.  
Айтылып хан жарлығы кете берді,  
Қақтығып орданың бір шатағында.

Ілініп ханның байлау, матауына,  
Азат бас айналды оңай ата құлға.  
Күйшіні ертіп келіп есік ашты,  
Мақпал бау, манат ойған отауына.

«Алдияр!» аузына әзер түсті,  
Алақтап алды-артына назар түсті.  
Кіргендей болып кетті бір сарайға,  
Алтын мен жібек жайған базар түсті.

Ханыша мынау аппақ сазан түсті,  
Көрінді әзрейіл, ажал түсті.  
Жыланнан сырға салған жолбарыс қыз  
Сықылды жын патшасы дажал түсті.

«Адам ба, осы отырған айдаһар ма?  
Ауылдан ажал мені айдаған ба?  
«Ақ көбек» күй айтқаны осы болып,  
Алдына жарлықпен хан байлаған ба?

Анықта, аңғал көзім, байқаңқыра,  
Жоқ, өзі түсі жылы, пенде бұ да...»  
— «Сенікі сонау ірге!»— деді ханыша,—  
Орын ал, жайланағы тарт домбыра!»

Қалтырап буындары, тұрып жүрек,  
Жүгінді тізelerін тіреңкіреп  
Жаутаңдал екі көзі, кемсең қағып,  
Алдына ханышаның қылды тілек:

- Алдияр, ханыша!
- Не айтасың, күйшім?
- Мен үйімді қашан көрем?
- Үйінде нең қалды?
- Шешем...
- Оны күй біледі!

Сөз бітті, сонан әрі тілдескен жоқ,  
Қарааш қайтуына күн кескен жоқ.  
Болғанда бүгін мұнда, ертең қайда...  
Мекені Кене ханнық бір көшкен жұрт...

#### IV

Арманын — «Не боламын?» ішіндегі  
Шешкенін қыздың қалай түсінбеді.  
Ақырын айналамен танысты кез,  
Айқындал төңіректің пішіндері:

\* Ақ отау іші-сырты зер кестелі,  
Бір тозаң тимегендей ел кешкелі.  
Казына — жібек, жанат, алтын, күміс,  
Не патша, не хандардын, берместері.

Үй іші сап-сары ала, жапқан зері,  
Ақ күміс, ауыр тұрман, кім зергері?.  
Үстасы Кекшетаудын, күміс шапқан  
Бакан тұр сырға қылып сәукелені.

Қадаған бітеу үкі, шым кестелі,  
Тұс киіз түрлентіп тұр керегені.  
Құс мамық, атлас керпе, шайы жастық,,  
Жолбарыс, аю жатқан іргелері.

• Үй іші қарсак, тұлкі, құндыз, жанат,  
Зер тоқып, күміс шауып, ойған манат.  
• Беленген осы асылға қыз тесегі,  
Күйдіріп керген кездін, жауын алат.

і Тауыс па, тоты құс па жасыл қанат?  
Жарықтық жұмак құсы қайда болад?  
Тұсында ханышанық ілулі тұр  
Нар кескен — аспаһани қайқы болат.

Ақ отау, асыл бүйім түмшаланды,  
Бір үйге жия берген мұнша малды.  
Нол жетпес қазынаны керген шақта  
Өзінің шекпеніне құсаланды.

Жасауға үйге жиған кез байланды,  
Жібекке алтын, күміс, кез майланды.  
Қыдырып күйші кезі түскен кезде,  
Айданар — алдындағы қызға айналды.

Қара қас, қылан, қабақ, кер құба қызы,  
Қара шаш, алма сағақ, құралай көз.  
Сырықтай ордадағы сымдай бойы,  
Тал шыбық, қыпша белдін, өзі нағыз...

Жамылып орман ішік иығына,  
Күлкі алып қалам қастын, қиығына,  
Оралтып шәй көйлекті судыратқан,  
Мәсілер зер тоқытқан жұлығына.

Молда айтқан үшпактағы қор қызы ма?  
Періште, әлде пері, әлде жын ба?  
Құлпырып қыздың беті албырайды,  
Үқсаған алтай тұлкі жондығына.

Құлкісі тау бұлағы төгілгендей,  
Сөйлесе меруерт, маржан себілгендей.  
«Алғандай жерден пішіп»— деген сұлу,  
Керкіне кез тойынып семіргендей.

Алдыңа бір алма ағаш егілгендей,  
Кер марал жусап ерген керілгендей.  
Бойыңды ішпей-жемей буы мае қып,  
Сейлескен жүрегінен сегілгендей.

Алды жаз, ескек акқып жел жүргендей,  
Екі ерні ерте піскен бұлдіргендей.  
Қасынан бір моланың жүріп кетсе,  
Жыбырлап кердегіге жан кіргендей.

Бәйшешек, балауса, гүл, балдырғандай,  
Қаратып шырайына талдырғандай.  
Суындаі әбілхаят шелдеп ішкен,  
Лебізі сусыныңды қандырғандай.

Тамсантып ауызға бал алдырғандай,  
Қүйдіріп кекірегіңе от жандырғандай.  
Кар кетіп, қу жасарып, аш тойынып,  
Кәрі жан жігер бітіп жақғырғандай...

Жұтқанда аспанаи шарабынан,  
Көрініп жұтқан шарап — тамағынан.  
Текті құс, теріс азу, ақ иық қызы,  
Паң қыран, қыр тағысы жарапудан.

Аң ізден Алатаудың алабынан;  
Тастұлек, тілеп үшқан бала қыран.

Үстіне пенде батып кіре алмайтын,  
Қаймығып қарауынан, қабағынан.

Ақылмен, аруағымен елді билеп,  
Кей, кейде Кенеге де екім сөйлеп.  
Биі де, батыры да, қарасы да  
«Қараашаш айтты» десе, «мақұл, жөн» деп,

Түйіліп кейде тастай ашу кернеп,  
Жайдары, кейде дарқан келсөң кел деп.  
Найза алып жау алдынан шықпаса да,  
Айырып мақұл, тентек дауды тергеп;

Алыпқаш, кесірлі қыз, ашуы өргек,  
Дария ақыл, кетсе сөзі тастап өрнек.  
Жайдары, жайран, қаққан, жаны бала,  
Ән-күйді, ойын-сауық еткен ермек.

Айрылды күйші есінен қызды көріп,  
Кірпігін қақпай қалды көзі төніп.  
«Адамның арғымағы осы шығар,  
Пендеге біtedі екен мұнша көрік?»

Кер торы камшат киіп, қасын керіп,  
Жұқалап екі бетке еңлік беріп.  
«Тарт күйшім!»—деп ханыша жарлық етті,  
Қанғанда сусын ішіп, бойы сергіп.

Көңілі быж-тыж болған жаңа жылап,  
Өзгеріп өзге арнаға кеткен құлап;  
Ойында тоқсан күйдің бірі де жоқ,  
Тантырап домбыраны отыр бұрап.

Соқкандай бейне пері талмаусырап,  
Түкіріп қайта-кайта, тұрмай құлак.  
Не болып, не қойғанын домбыраға,  
Ішінен отыр толғап, қыз да сынап.

Домбыра әлі күнге жөнделмейді,  
Күйлер жоқ... Қыздын, көркі келбекдейді.  
Бақсыдай жыны буған буынды күй,  
Жынданды... Қыздан өзге күй келмейді.

Жүйрікке тышқан тиді, жүгірмейді,  
Домбыра таңқ-тұңқ етіп күй білмейді.  
Не пұшық, не мысық боп, не күшік боп,  
Мыңқылдалап шәуілдейді, мәуілдейді.

«Сарыөзен», «Терісқақпай», «Ін,ген» де жоқ,  
«Қалмак қыз», «Кара жорға мінген» де жоқ.  
Есалан... Ескі күйдің бірі тұспей,  
Не тартып, не қойғанын білген де жоқ.

Саусактар шаппак түгіл, желген де жоқ,  
Пернеге әлі бір күй келген де жоқ.  
Ханыша қарсы алдында күтіп отыр,  
Тартасың енді қашан деген де жоқ.

Жіберді бір мезетте қағып-қағып,  
Тасқындал тыңдан бір күй қосылды ағып.  
Байырғы тоқсан күйдің бірі де жоқ,  
Жаңа күй, жаңа жолмен кетті лағып.

Саусактар ойнап, орғып, қаздаң қағып,  
Сурып ішек тілін, мұнын шағып,  
Жүйріктін, шын күйі келгенінде,  
Шығаннан шыға шаппай тұрсын неғып.

Асқақтап, кейде күйді көкке өрлетіп,  
Алыстап, шырқап, сілтеп, әрі кетіп;  
Қайырып, қалықтатып, қайта оралтып,  
Бірден-бір, ақырын-ақырын төмендетіп.

Үзғытып, өлке ерлетіп, баяулатып,  
Соқтырып кейде боран, дауылдатып;  
Көңілдің асқарынан туманды айдал,  
Артынан нөсерлетіп, жауындарып.

Үшырып жер бетімен жазыққа айдал,  
Бұрқылдап бірде әлсіреп, бірде қайнап;  
Құмайдай тұлкі қуған құлдырандал,  
Қырандай тұлкі алатын көзі жайнап.

Бурадай кейде ауызын қарш-қарш шайнап,  
Ойнақтап, оқ жыландай андағайлап;  
Тұлпардай жер тарпыған пысқырынып,  
Жорғадай майда дауыс, кейде маймақ...

Ай жарық, ауыл арты кім жүргендей,  
Ңызғанып қызды ауылдын, иті үргендей.  
Атқанша таң талдырып ашық жар жоқ  
Сарғайтып, сарылтып күй өртегендей...

Ақку құс айдын көлге шомылғандай,  
Лашын құс ез бойынан қорынғандай.

Үніндей домбыранын, дүрілдетіп,  
Көк түйғын қуға түсіп соғылғандай.

Дауасыз дертке ұшырап ауырғандай  
Жарылып жүректен қан ағылғандай;  
«Ойбайдың» орайына «асық жарлап»,  
Сарылтып сары ауру, сағынғандай.

Күй төкті қүшті қатты құмарланған,  
Көзі жок,, орны қалды мұнарланған.  
Әлде қыз, әлде аққу, әлде марал,  
Алдында бір сұлу тұр шоғырланған.

Күй жүйрік, кейде түнде сылаңдаған,  
Ңашаған қыз алдында қылаңдаған.  
Кұрықтап, жетегіне ап жортады күй;  
Арты «Аттан» жер күкірентіп үрандаған.

Кейде күй қыран болып қылмаңдаған.  
Алдыңнан қызыл алтай бұландаған.  
Саңқылдап домбырадан бір құмар күй,  
Сағынъ тар балакты жұмарланған.

Бұлбұл боп кейде қақсан, таңда зарлап,  
Торғай боп аспанда ұшып, көкте шарлап.  
Басына аққу киіп, дуана боп,  
Касына ханышанын, кеп тұр сарнап.

Дуана ақтап отыр — я, аллайхак,!  
Сарынын ішіндегі шерге жалғап.  
Ойнактап қара дауыл соқты қырдан,  
Ебелек ел алдымен қашты қаңбақ.

Безектеп бір өткір күй құлдырады,  
Күйшінің көзінде қыз бұлдырады.  
Тамызда таңдай кеуіп талды күйші,  
Бір бұлак мөлдіреген сылдырады.

Ауырып домбыра да ыңыранды,  
Санасыз, саусақ қаңғып қыдырады.  
Бірде ысып, бірде суып, күйіп-жанып,  
Жүректей сандыраған күй жынданды.

Қияндал кетті мініп қиялына,  
Ондайда қиял бойын жияды ма?  
Үмытып қайда екенін, кім екенін,  
Быж-быж боп отыр сорлы қыз алдында.